

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдік берілген трансферттің үш жылдық кезеңге арналған мөлшерін айқындау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 маусымдағы N 914 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 5 қарашадағы № 1162 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.05 № 1162 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 24-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдік берілген трансферттің үш жылдық кезеңге арналған мөлшерін айқындау ережесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдік берілген трансферттің үш жылдық кезеңге арналған мөлшерін айқындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 813 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2009 жылғы	16 маусымдағы
N 914 қаулысымен	
бекітілген	

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдік берілген трансферттің үш жылдық кезеңге арналған мөлшерін айқындау ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдік берілген трансферттің үш жылдық кезеңге арналған мөлшерін айқындау ережесі (бұдан әрі — Ереже) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы

кепілдік	берілген	трансферттің
үш жылдық	кезеңге	арналған
мөлшерін	айқындау	ережесіне
қосымша		

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдік берілген трансферттің үш жылдық кезеңге арналған мөлшерін айқындау формулалары

Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін кепілдік берілетін трансферттің мөлшері мынадай формулаға сәйкес есептеледі:

$$G_0 = A + b \times NFRK_{t-1} \times e,$$

мұнда G_0 — Ұлттық қордан берілетін кепілдік берілген трансферт;
 A — константа;

b - үш жылдық кезеңге арналған "b" коэффициентін айқындайтын жылдың алдындағы бес жылдық кезең ішінде Ұлттық қордың активтерін басқарудан түсетін инвестициялық кірістің орташа деңгейіне сәйкес келетін коэффициент;

$NFRK_{t-1}$ — республикалық бюджетті әзірлейтін жылдың алдындағы қаржы жылының соңындағы Ұлттық қордың активтері (Ұлттық қордың базалық (функционалдық) валютасымен);

e — Ұлттық қордың базалық (функционалдық) валютасына қатысты теңге бағамы.

Кепілдік берілген трансферт есептерін жүзеге асырудың бірінші жылында $NFRK_{t-1}$ және e көрсеткіштері үш жылдық кезеңге арналған кепілдік берілген трансфертті айқындайтын жылдың алдындағы қаржы жылының соңындағы жағдай бойынша нақты, ал келесі жылдары болжамды болып табылады.

Б ұ л р е т т е :

$$A + b \times NFRK_{t-1} \times e = (DB - (D) + (G_{no} - CBE)),$$

мұнда DB - даму бюджеті;

D - таза үкіметтік қарыз алу (тартылатын және өтелетін қарыздардың арасындағы айырма);

G_{no} — мұнайға қатысты емес сектор ұйымдарының кірістері;
 CBE - ағымдағы бюджеттік шығыстар.

Бұл ретте мұнайға қатысты емес кірістер мен ағымдағы бюджеттік шығыстар арасындағы айырмашылық таза үкіметтік қарыз алудан асып кетпеуге тиіс:

$$D \geq (G_{no} - CBE),$$

өйткені, мұндай асып кету "A" константасының бір бөлігін ағымдағы бюджеттік шығыстарды қаржыландыруға даму бюджетіне зиян келтіре отырып алып қоюды талап етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК